

ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ – ЖАҢАША РЕТТЕУ

Еліміздің Президенті конституциялық реформа аясында құқық қорғау органдарының алдына қойған стратегиялық міндеттер прокуратура органдары қызметінің тиімділігін одан әрі күшейтуге бағытталған заңнамалық және ұйымдастырушылық-құрылымдық шаралар кешенін әзірлеуді алдыңғы қатарға шығарды.

2017 жылғы 30 маусымда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңына қол қойды.

Осы құжатқа сәйкес азаматтар құқықтарын қорғау, заңдылықты сақтау және құқық қорғау қызметін үйлестіру прокуратура органдарының міндеттері мен принциптері болып қала бермек.

Өзгерістер қадағалау органының статусын, құзыреттіліктері мен қызмет тәртібін анықтайтын сұрақтардың кең ауқымын қамтиды.

Соның ішінде заңнамада прокурордың өкілеттіліктері (құқықтары мен міндеттері), оның жауапкершілігі нақты баяндалған, прокуратураның міндеттері белгіленген, тексерілетін субъектілердің құқықтары мен міндеттері айқындалған, прокурорлардың тексерістер жүргізуі үшін, сондай-ақ сотқа арыздануы үшін негіздері қысқартылған.

Қадағалаудың үш формасы қарастырылған: заңды күшіне енген құқықтық актілерді тексеру, талдау және бағалау. Наразылық білдіруге жатпайтын құқықтық актілердің түрлері анықталған, прокурорлық қадағалау актілерін қабылдау үшін негіздер мен оның нәтижелері белгіленген. Қадағалау актілерін мәжбүрлі орындау тек сот тәртібінде жүзеге асырылатын болады.

Өзгерістерге сәйкес прокурорлардың мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілеріне тексеріс тағайындау үшін негіздер қатары қысқартылды.

Енді прокурор жеткілікті негіздері болмаған жағдайда кәсіпкерлердің жұмысына араласа алмайтын болады. Нақты айтқанда үздіксіз тексерістер болмайды, прокурорлардың назары азаматтардың нақты проблемаларына бағытталады. Оның пайдасы ең алдымен бизнес саласында сезіледі.

Мемлекеттік органдарға екі жағдайда ғана тексеріс жүргізіледі: өз-өзін қорғай алмайтын азаматтардың құқықтары бұзылған жағдайда немесе бұл халық пен қоғамның көп бөлігіне төнген қауіптің алдын алу үшін қажет болған жағдайда. Осы негіздер болғанның өзінде мемлекеттік орган тиісті шаралар қабылдамағанын анықтаса ғана прокурор тексеріс тағайындай алады.

Мұндай шектеулер өтініштерге де қатысты. Прокурорлар оларды адам өзін қорғай алмаған жағдайда, көп адамның құқықтары бұзылғанда немесе адам не мемлекет үшін қайтымсыз салдары бар қауіп төнгенде, сонымен қатар арызданушылар өз мәселесінің шешімін өкілетті органда таппаса ғана қарастырады.

Барлық қалған өтініштер оларды қарастыруға уәкілетті органдарға жолдануы тиіс. Сондай-ақ азаматтардың мемлекеттік органның кез келген әрекетіне сотқа шағымдану құқығы сақталады.

Мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру прокуратура органының негізгі әрі маңызды бағыттарының бірі болып қала бермек. Бұл бекітілген халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Жаңартылған заңнаманың ережелерін дұрыс түсіну және оларға түсінік беру мақсатында Құқық қорғау органдарының академиясы оның баптары бойынша комментарий даярлауға кірісті.



Көрсетілген өкілеттіліктердің жаңа форматының өзгеруіне байланысты Академия қызметкерлерді қайта даярлау бойынша оқу бағдарламасын әзірлеуде.

Осы және көптеген басқа жаңашылдықтар прокуратураның құқық қорғау әлеуетін жетілдіруге, қадағалаудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Енгізілген жаңалықтар Бас Прокурор ұсынған көлемді «Өзгерістер бағдарламасының» мақсаттарына толығымен сай келеді. Бұл қадағалау органының трансформациясын қамтамасыз етуде Ұлт жоспарын жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады.

Оның негізгі міндеті – азаматтарды сенімі болып қала бермек. Алдағы уақытта біздің қызметіміз осы бағытта жүзеге асады.



ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОКУРАТУРЫ - НОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ

Стратегические задачи, поставленные Президентом страны перед правоохранительными органами в рамках конституционной реформы, выдвинули на первый план разработку комплекса законодательных и организационно-структурных мер, направленных на дальнейшее усиление эффективности работы органов прокуратуры.

30 июня 2017 года Глава государства подписал Закон Республики Казахстан «О Прокуратуре».

Согласно документу, задачами и принципами органов прокуратуры остаются защита прав граждан, соблюдение законности и координация правоохранительной деятельности.

Изменения охватывают широкий круг вопросов, определяющих статус, полномочия и порядок деятельности надзорного органа.

В частности, в нем четко изложены полномочия (права и обязанности) прокурора, его ответственность, обозначены задачи прокуратуры, установлены права и обязанности проверяемых субъектов, сокращены основания для назначения прокурорами проверок, а также основания обращения прокуроров с исками в суд.

Предусмотрены три формы надзора: проверка, анализ, оценка правовых актов, вступивших в законную силу. Определены виды правовых актов, не подлежащих опротестованию, установлены основания и последствия принятия актов прокурорского надзора. Принудительное исполнение актов надзора будет осуществляться только в судебном порядке.

Изменения коснулись сокращения оснований для назначения проверок прокурорами госорганов и субъектов предпринимательства, в том числе обращения с исками в суд.

Теперь прокурор не сможет без достаточных на то оснований вмешиваться в работу предпринимателей. То есть не будет бесконечных проверок, внимание прокурора будет сконцентрировано на конкретных проблемах граждан. Пользу от этого, в первую очередь, почувствует бизнес.

Госорганы будут проверяться лишь в случаях, если нарушены права граждан, которые не могут самостоятельно защищать себя, или если это необходимо для предотвращения угрозы большинства населения и общества. И даже при наличии этих оснований прокурор сможет назначить проверку лишь в том случае, если установит, что орган не принял должных мер.

Такие же ограничения предусмотрены по обращениям. Прокуроры будут их рассматривать только в случаях, если человек сам себя не может защитить, когда нарушаются права неограниченного круга лиц либо есть угроза необратимых последствий для человека или государства и при этом заявители не находят решения своего вопроса в уполномоченном органе.

Все иные заявления подлежат направлению в орган, который уполномочен рассмотреть их. Наряду с этим, у граждан сохраняется право обжаловать любое действие госоргана в суд.

Одним из основных и важных направлений органов прокуратуры останется осуществление от имени государства уголовного преследования. Это согласуется с утвержденными международными стандартами.

В целях правильного понимания и толкования положений обновленного зако-



на Академия правоохранительных органов приступила к подготовке его поста-
тейного комментария.

В условиях изменения нового формата представленных полномочий Академи-
ей разрабатывается учебная программа по переподготовке сотрудников.

Эти и многие другие новеллы нацелены на совершенствование правозащитно-
го потенциала прокуратуры, повышение эффективности надзора.

Нововведения полностью согласуются с целями масштабной «Программы пе-
ремен», предложенной Генеральным Прокурором, что является важным инстру-
ментом реализации Плана нации в обеспечении трансформации надзорного ор-
гана. Главной задачей которого остается - доверие граждан. В этом ключе нам и
предстоит работать в дальнейшем.

***И.о. ректора Академии
Главный редактор***

Н. Ахметзакиров